Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

# ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

**№48** (956) Сәрсенбі 3 желтоқсан 2025 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti




**Өнер орталығында ұлы ойшыл, ақын, философ Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай «Абай» операсының премьерасы өтті. Премьераны облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов, облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері, қоғамдық кеңес мүшелері, қала тұрғындары тамашалады. «Абай» трагедиясы - еліміздің мәдени өмірін дүр сілкіндірген қайталанбас кесек туынды.**

XX ғасырдың 30-40 жылдары қолға алынып, М.Әуезов шығармашылығының маңызды бағыты болған Абайдай ғұламаның тақырыбы, қайталанбас келбеті оқырмандарынан бұрын сахнада сомдалған бейнесі арқылы халқының жүрегінен орын алды. Мұхтар Әуезовтің либреттосына жазылған Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің айтулы операсы тек жақсы мен жаманның айқасын бейнелеген қойылым ғана емес, қазақ халқының жан дүниесінің алуандығы мен тереңдігін көрсететін айна, көшпелі өмірдің бірегей салты мен философиясын паш ететін тағылымды туынды.

Кейіпкердің ой тереңдігін, сөзінің өткірлігін, тіл шеберлігін, азамат ретіндегі беделін филармония әртістері негізгі қалпын сақтап, асқан шеберлікпен көрермен қауымға жеткізді.

Ерекше классика кешін халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты Рустам Рысмағамбетовтің дирижерлік етуімен облыстық симфония оркестрі сүйемелдеді. Оркестрдің көркемдік жетекшісі және бас дирижері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, профессор Мүсілім Әмзе. Тұтас сахналанған операға аралас хор ұжымы (көркемдік жетекшісі – А.Қуаныш), «Томирис» би ансамблі (көркемдік жетекшісі – халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты М. Тойбазарова), «Ai-Aru» заманауи би ансамблі (көркемдік жетекшісі – халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаты З.Стықбаева), «Әдемі» балалар музыкалық театр-студиясы, (көркемдік жетекшісі – Қ. Боранбаев) және филармония солистері қатысып, көрерменге маңызы терең, философияға толы мәдени демалыс сыйлады. Операның қоюшы режиссері – Мәдениет саласының үздігі, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Әзиза Іздіқұлова.

Абайдың жеке өмірі, шығармашылығы мен оны тұлға ретінде айшықтауға арналған бұл туынды ұлттық рухты оятатын, қоғамды бірлікке бастайтын зор қозғаушы күшке ие. Абай шығармашылығын, оның ғұмырнамалық, мәдени-рухани мұраларын сан-алуан үлгіде насихаттау қазіргі қазақ руханияты үшін аса қажет.

**«Ел тілегі» ақпарат**

## ӨҢДЕУ ӨНЕРКӘСІБІН ДАМЫТУ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ



**ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде өңдеу өнеркәсібін дамыту және цифрландыру, Үкімет қаулыларының жобалары қаралды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.**

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің бірінші орынбасарының төрағалығымен өткен мәжілісте осы және өзге де мәселелер жан-жақты талқыланып, жауапты басшыларға тапсырма берілді.

«Өңдеу өнеркәсібінің көлемін барынша арттырып, жыл қорытындысымен оң динамикаға жету үшін нақты әрі жедел шаралар қабылдауды тапсырамын. Өңірдегі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың өндірістік жоспарын нақтылау керек. Туындаған мәселелерін жедел шешіп, қосымша өсім көздерін анықтаңыздар.

Теміржол вокзалдарының сыртқы келбеті ғана емес, жолаушыларға қызмет көрсету деңгейі де жоғары болуы тиіс. «Қазақстан Темір Жолы» компаниясының облыстық филиалы, көрсетілетін қызмет сапасын қадағалаңыздар. Вокзалдар аумағының абаттандырылуын, көгалдандырылуын, санитарлық тазалығын тұрақты бақылау қажет. Қала, аудан әкімдері, тек теміржол вокзалдарының аумағы ғана емес, автовокзалдардың, жолдар мен көпірлердің, жол бойындағы май құю бекеттері мен сервистік кешендердің күтіп ұсталуы назарда болуы керек», – деді Данияр Еренғалиұлы.

Биылғы 10 айда аймақта 328 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өңдеу өнеркәсібінде 10,7% өсім тіркелді. Экономиканы әртараптандыру аясында жоспарланған 20 жобаның 13-і іске қосылды, қалған 7-уі жыл соңына дейін пайдалануға беріледі. Соңғы бес жылда өңдеу өнеркәсібінің жалпы өнеркәсіптегі үлесі 12,9% өсіп, өнім көлемі 2,6 есе артты. Өңір кәсіпорындары цифрлық және автоматтандырылған технологияларды кеңінен қолдануда.

Шыны зауыты өнім жинау мен тасымалдауда жапон роботтарын, ал шыны кесуде италиялық автоматты пайдаланады. Тампонажды цемент зауытының өндірісіне Siemens басқару жүйесі мен интеллектуалды логистика енгізілген. «Мағжан и К» күріш зауыты кореялық толық автоматтандырылған жүйемен жұмыс істейді.

**«Ел тілегі» ақпарат**





«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі»** газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 4502 теңге 22 тиын**

**БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:**
**8 705 982 76 61,**
**8 777 752 54 63.**



## ҚАЗАЛЫДА ЖОҒАРЫ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН ОТА ЖАСАЛДЫ

Қазалы көпбейінді орталық ауруханасында жүрек ырғағының бұзылыстары бойынша алғаш рет аритмологиялық жоғары мамандандырылған оталар жасалып, оқу-шеберлік тәжірибе жүргізілді. Мұндай жоғары мамандандырылған ота республика көлемінде аудандар арасында алғаш рет Қазалыда жасалып отыр.

Отаға Алматы қаласы №7 қалалық клиникалық ауруханасының интервенционды аритмолог дәрігері, MD, PhD дәрігер Қанат Ергешов және облыстық медицина орталығының облыс бойынша штаттан тыс аритмолог дәрігері Нұрболат Лепесов арнайы шақырылды.

Аталған ота түрлері – заманауи медицинаның жоғары технологияларын талап ететін күрделі бағыттардың бірі. Бұл шара аудандағы медицина саласының дамып келе жатқанын, сондай-ақ еліміздегі білікті мамандардың тәжірибе алмасу арқылы кәсіби деңгейін арттырып жатқанын көрсетеді. Бастама жүрек ырғағы бұзылыстары бар науқастарға жоғары мамандандырылған көмекті өңірлік деңгейде көрсетуге бағытталып отыр.Қазіргі кезде ота жасалған науқастың жағдайы тұрақты.

## АЙМАҚТА ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ЖҰМЫСТАРЫ КҮШЕЙДІ

**Қызылорда облысында тұтынушылардың құқықғын қорғау бағытындағы жұмыс күшейе түсті. Жыл басынан бері облыстық Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті «Сауда қызметін реттеу туралы» заң талаптарының орындалуына мониторинг жүргізіп, 176 кәсіпкерлік субъектісін тексерген. Оның 120-ында заң бұзушылықтар анықталды.**

Биыл департаментке тұтынушылар тарапынан 770 өтініш түсіп отыр. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 2,1 есеге көп. Мұндай деректерді Қызылорда облысы бойынша Сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаментінің басшысы Ерқасым Сүлейменов Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифинг барысында мәлімдеді.

Ерқасым Жайбергенұлының айтуынша, тексеру нәтижелері негізінде ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес 29 кәсіпкерге ескерту беріліп, 22 нұсқама рәсімделген. Сонымен қатар 69 кәсіпкерге жалпы сомасы 1,3 млн теңге көлемінде әкімшілік айыппұл салынған.

«Өтініштердің басым бөлігі электрондық сауда саласына қатысты. Атап айтқанда, онлайн платформалардағы сатушылардың әрекеттеріне байланысты 54 шағым тіркелген. Қоғамдық тамақтану орындарына қатысты 35 өтініш түсіп, олардың көпшілігі сапасыз тағам немесе сақтау талаптарының бұзылуына қатысты болды. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында 15 өтініш қаралып, негізінен коммуналдық төлемдердің дұрыс есептелмеуі мен қызмет көрсетуші ұйымдардың жауапкершілігі туралы шағымдар түсті. Түскен 770 өтініштің 392-сі қанағаттандырылып, 48-і бойынша азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Ал 258 шағым тиісті ведомстволардың құзыретіне сәйкес жолданып, 67 өтініш иелері тарапынан кері қайтарылды» - деді департамент басшысы Ерқасым Сүлейменов.

Департамент басшысы алдағы уақытта да тұтынушылардың құқығын қорғау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасатынын, аймақта қауіпсіз әрі әділ нарық қалыптастыру мақсатында кешенді шаралар жүзеге асырылатынын атап өтті.







# ЖОЛ КАРТАСЫ – ЖАРҚЫН ЖОБАЛАР ЖЕТЕКШІСІ

**«AMANAT» партиясы қалалық филиалының депутаттық фракциясының кезекті отырысы өтті. Онда 2023–2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» атты партияның сайлауалды бағдарламасы негізіндегі Жол картасының орындалу барысы қаралды. Жиынға қала әкімі Нұржан Ахатов, партия филиалының төрағасы Ибадулла Құттықожаев, Саяси кеңес бюросы мен фракция мүшелері қатысты. Күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша қала әкімі Нұржан Сәбитұлы баяндама жасады.**

– Ауқымды шаруалардың жүзеге асуына «Amanat» партиясының арқауы жетерлік. Партияның бекіткен сайлауалды бағдарламасының 5 бағытын орындауда біз тиісті межеге жетіп келеміз. Облыс әкімінің қолдауымен соңғы үш жылда бой көтерген озық үлгідегі әлеуметтік нысандар, халық сұранысына сай ашылған кәсіпорындар, өңір әлеуетін арттырар ірі инвестициялық жобалар туған өлкеміздің дамуына тың серпін берді. Ал, «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасының игілігімен Қызылорда еліміздегі ең таза қалаға айналып, тұрғындарымыздың тазалық этикасы мен ортақ мүддеге жанашырлық көзқарасы қалыптасты, – деді шаһар басшысы.

Фракция отырысында қала әкімі Жол картасы аясында орындалуы тиіс негізгі іс-шаралардың толықтай атқарылатынын, бұл бағыттағы жұмыстардың жалғаса беретінін жеткізді. Фракция мүшелері өңірлік сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының орындалуы бойынша бірқатар ұсыныстарын айтып, оған нақты жауаптар алды.

**«Ел тілегі» ақпарат**



# ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ КҮШЕЙТІЛДІ

Биылғы жылы қала аумағында 97 өрт оқиғасы тіркелді. Оның басым бөлігі тұрғын үй секторында және автокөліктерде тіркелген. Өрт шығуының негізгі себептері - қоқыс жағу, электр жабдықтарын пайдалану кезіндегі өрескел бұзушылықтар, сымдардың қысқа тұйықталуы және қауіпсіздік талаптарының сақталмауы. Өрттің алдын алу және халықтың қауіпсіздік мәдениетін арттыру мақсатында Қызылорда қалалық Төтенше жағдайлар басқармасы үгіт-насихат шараларын күнделікті жүргізуде.

# ТІЛ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУ – БАРШАҒА ОРТАҚ МІНДЕТ

Құрметті кәсіпкерлер мен қала тұрғындары!

«Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның 21-бабына сәйкес, деректемелер мен көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде, қажет болған жағдайда орыс тілінде және (немесе) басқа тілдерде орналастырылуы тиіс.

Көрнекі ақпарат мәтіндерінің орналасу тәртібі заңмен нақты белгіленген:

Мемлекеттік тілдегі мәтін – сол жақта немесе жоғарыда;

Орыс тіліндегі мәтін – оң жақта немесе төменгі бөлікте;

Екі тілдегі мәтін де бірдей өлшемдегі әріптермен жазылуы керек.

Қажет болған жағдайда өзге тілдерге аударуға болады, алайда қаріп өлшемі нормативтік талаптардан аспауы тиіс.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодекстің 729-бабына сәйкес тіл заңнамасының сақталуын бақылау және әкімшілік шаралар қолдану өкілеттігі жергілікті атқарушы органдардың тілдерді дамыту бөлімдеріне жүктелген. Осыған орай, қаладағы барлық кәсіпкерлерді заң талаптарын сақтауға шақырамыз. Мемлекеттік емес ұйымдар маңдайша, жарнама, хабарлама, прейскурант, баға көрсеткіші, ас мәзірі, нұсқағыш және өзге де көрнекі ақпаратты орналастырмас бұрын қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінен тегін кеңес алуға болады.Қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің байланыс нөмірі

Байланыс: 27-77-55. Мекен - жайы: Қызылорда қаласы, Қазыбек би көшесі, 21 (А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінің 2-ші қабаты).




# ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМҒА БАҒЫТТАЛҒАН КЕЗДЕСУ




Халықаралық «ORDA» жоғарғы колледжінде Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияға арналған ақпараттық-түсіндіру іс-шарасы өз жалғасын тапты. Шара барысында студенттерге тұрмыстық және гендерлік зорлық-зомбылықтың алдын алу, құқықтық және психологиялық сауаттылықты арттыру бағытында маңызды мәліметтер ұсынылып, қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру жөнінде кеңестер берілді.

Іс-шараға Қызылорда облыстық психикалық денсаулық орталығының психологы Асель Сайлауқызы, облыстық жастар денсаулық орталығының валеолог маманы Алтаева Арай, Қызылорда ҚПБ-ның отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің инспекторы Серікқызы Арайлым, сондай-ақ, «Ана үйі» қоғамдық қорының басшысы Жүсіпбаева Дина қатысып, гендерлік зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің алдын алу және жастардың құқықтық-психологиялық мәдениетін көтеру бағытында кең көлемді түсіндіру жұмыстарын жүргізді.



# ӘКІМШІЛІК АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Арал аудандық сотында азамат К.-ге қатысты Қазақстан Республикасының ӘҚБтК-нің 463-бабының 1-бөлігімен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Азамат К. құзырлы органға тіркелместен, жеке көлігімен заңсыз жолаушы тасымалдаған, яғни тіркеусіз кәсіпкерлікпен айналысқан. Сот отырысында оның құқық бұзушылық әрекеті өзінің кінәсін мойындаған түсінігімен, сондай-ақ сотта зерттелген іс құжаттарымен бекітілген. Сот қаулысымен К. жоғарыда аталған баппен кінәлі деп танылып, оған 41 286 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

**Арал аудандық соты**

# «Байкен-U» ЖШС «Харасан-2» кенішінің экологиялық қызметі туралы мәлімет

Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексінің 182 бап 7 тармағына сәйкес, кәсіпорындардың экологиялық қызметі және халықтың денсаулығы үшін қатер туралы жұртшылықты хабардар ету мақсатында тоқсан сайын «Байкен-U» ЖШС «Харасан-2» кенішінде жүргізілетін өндірістік экологиялық бақылаудың нәтижелерін үздіксіз газет беттеріне жариялап отырады. Өндірістік зкологиялық бақылау арнайы аккредитацияланған лабораториясы, рұқсаты бар мекемемен келісім келісімшарт негізінде жүргізіледі.

Сонымен қатар, радиациялық бақылау кезеңдік өлшем уақыты сақталынып, тоқсандық ақпарат жасалынып, бақылау органдарының сұранысы бойынша керекті ақпарат Серіктестікпен жіберіліп отырады.

2025 жылдыңIIIтоқсанындағыөндірістік зкологиялық бақылау есебінің нәтижелері бойынша ластаушы заттардың атмосфераға шығындыларының, ластаушы заттардың төгінділерінің және радиациялық өлшемдердің санитарлық қорғау аймағында рұқсат етілен шекті нормативтерден аспайтыны төмендегі кестелерде көрсетілген.

№ 1 кесте
Атмосфералық ауа

| Бақылау нүктелерінің № | Ластаушы заттардың атаулары | Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм3) III тоқсан 2025 жыл | Белгіленген норматив (рұқсат етілген шекті норматив), мг/м$^3$ | Экологиялық ахуалды жақсарту және бұзушылықтарды жою жөніндегі ұсыныстар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 5 | 6 | 7 |
| 1 (Санитарлық-қорғау аймағы) | Азот диоксиді | 0,1 | 0,2 | Бұзушылықтар жоқ |
| | Азот оксиді | 0,18 | 0,4 | |
| | Көміртек | 0,106 | 0,15 | |
| | Күкірт диоксиді | 0,2 | 0,5 | |
| | Көміртегі оксиді | 2,0 | 5,0 | |
| | Күкірт қышқылы | 0,162 | 0,3 | |
| | Шаң | 0,236 | 0,3 | |
| 2 (Санитарлық-қорғау аймағы) | Азот диоксиді | 0,13 | 0,2 | |
| | Азот оксиді | 0,19 | 0,4 | |
| | Көміртек | 0,104 | 0,15 | |
| | Күкірт диоксиді | 0,1 | 0,5 | |
| | Көміртегі оксиді | 2,0 | 5,0 | |
| | Күкірт қышқылы | 0,124 | 0,3 | |
| | Шаң | 0,226 | 0,3 | |
| 3 (Санитарлық-қорғау аймағы) | Азот диоксиді | 0,12 | 0,2 | |
| | Азот оксиді | 0,21 | 0,4 | |
| | Көміртек | 0,102 | 0,15 | |
| | Күкірт диоксиді | 0,1 | 0,5 | |
| | Көміртегі оксиді | 2,0 | 5,0 | |
| | Күкірт қышқылы | 0,126 | 0,3 | |
| | Шаң | 0,234 | 0,3 | |
| 4 (Санитарлық-қорғау аймағы) | Азот диоксиді | 0,1 | 0,2 | |
| | Азот оксиді | 0,16 | 0,4 | |
| | Көміртек | 0,121 | 0,15 | |
| | Күкірт диоксиді | 0,1 | 0,5 | |
| | Көміртегі оксиді | 2,5 | 5,0 | |
| | Күкірт қышқылы | 0,142 | 0,3 | |
| | Шаң | 0,169 | 0,3 | |

№ 2 кесте
Су ресурстары, ағынды сулар

| Бақылау орны | Ластаушы заттардың атаулары | Белгілен-ген норматив (мг/дм$^3$) | Нақты бақылау нәтижесі (мг/дм3) III тоқсан 2025 жыл | Бұзушы-лықтарды жою жөніндегі ұсыныстар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 6 | 7 |
| Тазарту аланда-рының ағынды сулары | Жүзгін заттар | 35,5 | 17,2 | Бұзушы-лықтар жоқ |
| | Аммонийлі азот | 3,8 | 2,5 | |
| | БПК $_5$ ОБТ - оттегін биологиялық тұтыну | 33,7 | 20,24 | |
| | СБАЗ - синтетикалық беттік әрекеттік заты | 0,5122 | 0,46 | |
| | Хлоридтер | 252,4 | 173 | |
| | Сульфаттар | 190,1 | 126,2 | |
| | Нитриттік азот | 0,05 | 0,012 | |
| | Нитраттық азот | 17,6 | 0,19 | |

№ 3 кесте
Радиациялық мониторинг

| Бақылау нүктелерінің № | Белгіленген норматив (мкЗв/ч) | Нақты бақылау нәтижесі (мкЗв/ч) III тоқсан 2025жыл | Бұзушылық-тарды жою жөніндегі ұсыныстар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 5 | 6 |
| 1 (Санитарлық-қорғау аймағы) | 0,2+фон | 0,115 | Бұзушылықтар жоқ |
| 2 (Санитарлық-қорғау аймағы) | 0,2+фон | 0,146 | |
| 3 (Санитарлық-қорғау аймағы) | 0,2+фон | 0,133 | |
| 4 (Санитарлық-қорғау аймағы) | 0,2+фон | 0,121 | |

**«Байкен-U» ЖШС «Харасан-2» кенішінің
Өндірістік қауіпсіздік бөлімі**

# Хабарландыру

**«Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Еңбек Кодексінің 139 бабына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің2015 жылғы25 желтоқсандағы «Азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» №1017 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 02 ақпандағы «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» №70 бұйрықтарына сәйкес бос лауазымды орнына конкурс жариялайды:**

- Мұнайлы ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Маңғыстауэнерго» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын директоры.

Кәсіпорынның атауы, негізгі қызметі мен мекен-жайы: Мұнайлы ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Маңғыстауэнерго» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты - энергиямен жабдықтау, коммуналдық және тұрғын үй шаруашылығы саласында жергілікті инфрақұрылымда тіршілікті қамтамасыз ететін басқа жүйелерде шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып табылады.

Мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14 квартал, 27 учаске.

Конкурс өту мерзімі:«Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесімен, осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 15 күнтізбелік күн өткеннен кейін анықталады.

Конкурс өткізілетін орын:«Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі. Мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14 квартал, 30 құрылыс, 3 қабат, пошталық индексі 130000.

Кәсіби құзырлылық: Қазақстан Республикасының Конституциясы, ҚР Азаматтық (жалпы және ерекше бөлімдері), Салық, Бюджет, Еңбек кодекстерін, ҚР «Электр энергетикасы туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Әкімшілік рәсімдер туралы», «Нормативтік құқықтық актілер туралы», «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары, осы санаттағы нақты лауазымның мамандануына сәйкес облыстардағы қатынастарды реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін, Қазақстан халқына жолдауларын және мемлекеттік тілді білуі.

Кәсіби біліктілігі мен дағдысы: Қарамағындағы қызметкерлердің жұмысын болжай, жоспарлай, ұйымдастыра білу және бақылау. Өзінбасқарабілу, бейімделу.

Конкурсқа қатысу үшін берілетін құжаттардың тізімі:

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын басшысы лауазымына кандидатураларды іріктеу кезіндегі негізгі талаптар:

1) жоғары білімінің болуы;

2) басшылық лауазымда кемінде 5 (бес) жыл жұмыс өтілінің болуы болып табылады.

Конкурсқа Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 02 ақпандағы «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» №70 бұйрықтарына сәйкес Қағидалардың 7-тармағында белгіленген талаптарды сақтай отырып, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі № 338 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5750 болып тіркелген) педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келетін шетелдік азаматтарды қоса алғанда, барлық ниет білдіргендер қатыса алады.

Конкурсқа қатысуға үміткер адам осы Қағидалардың 13-тармағына сәйкес құжаттарды, сондай-ақ шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның даму бағдарламасын (бұдан әрі – даму бағдарламасы) ұсынады.

Егер конкурсқа қатысуға осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келетін 2 (екіден) кем кандидат конкурстық өтінім ұсынса не конкурстық өтінімдер түспесе немесе кері қайтарылып алынса, онда тиісті саланың уәкілетті органы конкурсты өткізілмеген деп танып, қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды және оны шешім қабылданған күннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде тізілімнің веб-порталында, кәсіпорынның (болған жағдайда) және тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 02 ақпандағы «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» №70 бұйрықтарына сәйкес 13-тармақта көрсетілген құжаттар болған жағдайда, сондай-ақ құжат тапсырған адам осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген кезде тиісті саланың уәкілетті органы құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде құжаттарды тапсырған адамды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды. Конкурсқа қатысуға жіберілген адамдардың тізімі тізілімнің веб-порталында, кәсіпорынның (болған жағдайда) және тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент әкімі аппаратының) интернет-ресурсында тиісті саланың уәкілетті органы шешім қабылдаған күннен кейінгі келесі жұмыс күні аяқталғанға дейін қазақ және орыс тілдерінде жарияланады және тиісті саланың уәкілетті органы оны барлық құжаттармен бірге тиісті шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесіне жібереді.

Конкурсқа қатысуға жіберілген тұлғалардың тізімі, сондай-ақ кандидатуралар ұсынған даму бағдарламалары шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның Байқау кеңесінің отырысында күнтізбелік 25 (жиырма бес) күн ішінде қаралады. Даму бағдарламасының шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның стратегиялық даму мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келмеуі кандидатураны қабылдаудан бас тартуға негіз болып табылады. Барлық кандидатураларды қабылдаудан бас тартылған жағдайда, Байқау кеңесі тиісті саланың уәкілетті органына қайта конкурс өткізу қажеттілігі туралы хаттамалық шешімді жолдайды.

Байқау кеңесі білім беру ұйымының даму бағдарламасын қарағаннан кейін, жасырын дауыс беру арқылы және кемінде үштен екісі дауыс бере отырып, Республикалық комиссияның қарауы үшін кандидатураны (кандидатураларды) айқындайды. Кәсіпорынның басшысы дауыс беруге қатыспайды.

Байқау кеңесінің хаттамалық шешімі барлық құжаттармен бірге Республикалық комиссияға беріледі.Республикалық комиссия ұсынылған құжаттарды зерделейді және осы Қағидалардың 41-тармағына сәйкес Байқау кеңесінің хаттамалық шешімін алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде конкурсқа қатысушымен (қатысушыларымен) әңгімелесу өткізеді. Әңгімелесуге жіберілген конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу қажет болған жағдайда қашықтықтан бейнебайланыс құралдары арқылы жүргізіледі.

Әңгімелесу қорытындысы бойынша кәсіпорын басшысының лауазымына кандидат айқындалады. Әңгімелесуқорытындысытізілімнің веб-порталында, кәсіпорынның (болғанжағдайда) жәнетиістісаланыңуәкілеттіорганының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жарияланады.

Бұл ретте, жоғары оқу орындарында және/немесе білім беруді басқару органдарында басшылық лауазымдардағы жұмыс өтілінің болуы басқа да тең жағдайларда кәсіпорын басшысының лауазымына кандидатты айқындау үшін басым негіз болып табылады. Егер әңгімелесу нәтижесінде Республикалық комиссия кәсіпорын басшысының лауазымына кандидатты анықтамаса, онда тиісті саланың уәкілетті органы конкурсты өткізілмеген деп танып, қайта конкурс өткізу туралы шешім қабылдайды және оны тізілімнің веб-порталында, кәсіпорынның (болғанжағдайда) және тиісті саланың уәкілетті органының интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Республикалық комиссияның шешімі осы Қағидаларда және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамаларында көзделген тәртіп пен тиісті саланың уәкілетті органының бұйрығымен кәсіпорын басшысын тағайындау үшін негіз болады.

Құжаттар мына мекен жайға тапсырылуы тиіс:«Мұнайлы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушы көлігі және автомобиль жолдары» мемлекеттік мекемесі. Мекен-жайы: Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылы, 14 квартал, 30 құрылыс, 3 қабат, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық секторы

Анықтама телефоны: 465781, 466229.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын басшысы лауазымына орналасуға конкурс өткізу туралы хабарландыру тізілімнің веб-порталында, кәсіпорынның (болған жағдайда) және тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде конкурс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік 21 (жиырма бір) күн бұрын жарияланады.

Конкурсқа қатысуға үміткер адамдардан құжаттар қабылдау басталатын күн тізілімнің веб-порталында конкурс өткізу туралы хабарландыру орналастырылған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен бастап айқындалады. Конкурсқа қатысуға үміткер адамдар үшін құжаттарды қабылдау тізілімнің веб-порталында конкурс өткізу туралы жарияланған күннен кейін 7 (жеті) жұмыс күні өткен соң аяқталады.

Конкурсқа қатысуға үміткер адам конкурс өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген мерзімдердеҚазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 02 ақпандағы «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» №70 бұйрықтарына сәйкес Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес тізілімнің веб-порталында ресімделген және ЭЦҚ пайдалана отырып қол қойылған конкурсқа қатысу туралы өтінішті қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндемемен қоса электрондық нысанда ұсынады.

Тізілімнің веб-порталы конкурсқа қатысу туралы өтінішке "электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен дерекқорлардан конкурсқа қатысуға үміткер адамның жеке басын куәландыратын, білімі, зейнетақы аударымдары және еңбек қызметі туралы құжаттардың мәліметтерін автоматты түрде тіркейді.

Тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйеде еңбек қызметі туралы мәліметтер болмаған жағдайда конкурсқа қатысуға үміткер адам Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың бірін өтінішке тіркейді.

14. Осы Қағидалардың 13-тармағында көрсетілген құжаттар болған жағдайда, сондай-ақ құжат тапсырған адам осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келген кезде Комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде құжаттар тапсырған адамды конкурсқа қатысуға жіберу туралы шешім қабылдайды.

Конкурсқа қатысуға жіберілген адамдардың тізімі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің 2015 жылғы 02 ақпандағы «Мемлекеттік кәсіпорынның басшысын тағайындау және аттестаттау, сондай-ақ оның кандидатурасын келісу қағидаларын бекіту туралы» №70 бұйрықтарына сәйкес Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес әңгімелесу өткізу кестесі Комиссияның хаттамасымен бекітіледі және тізілімнің веб-порталында, кәсіпорынның (болған жағдайда) және тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органның не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының) интернет-ресурсында қазақ және орыс тілінде Комиссия шешімі қабылдаған күннен кейінгі келесі жұмыс күні аяқталғанға дейін орналастырылады.

15. Конкурсқа қатысуға жіберілген адамдардың тізімі бекітілгеннен кейін Комиссия тізілімінің веб-порталында әңгімелесу өткізу кестесі орналастырылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу өткізеді.

Әңгімелесуге жіберілген конкурсқа қатысушылармен әңгімелесу қажет болған жағдайда қашықтықтан бейнебайланыс құралдары арқылы жүргізіледі.

# Объявление

